

"Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу" мемлекеттік қызмет регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің м.а. 2012 жылғы 5 қазандағы № 363 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 30 қазанда № 8045 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2014 жылғы 6 мамырдағы № 157 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 06.05.2014 № 157 бұйрығымен.

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-тармағын іске асыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған «Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті б е к і т і л с і н .

2. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Электр энергетикасы және көмір өнеркәсібі департаменті (Ж.Қ. Б ө к е н б а е в) :

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның ресми жариялануын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Б.М. Жақсалиевке жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і н

міндетін атқарушы

А. Рау

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

И н д у с т р и я

ж ә н е

ж а ң а

технологиялар

м и н и с т р і н і ң

м і н д е т і н

а т қ а р у ш ы с ы н ы ң

«Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Осы «Электр энергетикасының объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызмет көрсету регламенті (бұдан әрі - регламент) «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 9-1-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

2. «Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызметін (бұдан әрі - мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) көрсетеді.

3. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

4. Мемлекеттік қызмет:
«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 22-бабының 4-тармағы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1133 қаулысымен бекітілген «Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызмет стандарты (бұдан әрі - Мемлекеттік қызмет стандарты) негізінде көрсетіледі.

5. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі:
келісу хатты жіберу (беру);
құжаттардың толық емес пакетін ұсынғаны туралы хабарлама (бұдан әрі - хабарлама) болып табылады.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде басқа мемлекеттік органдардың қатысуы көзделмеген.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

7. Мемлекеттік қызмет Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 47, «Транспорт Тауэр» ғимараты мекенжайы бойынша демалыс күндер мен мереке күндерінен басқа, жұмыс күндері сағат 9.00-ден бастап 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін көрсетіледі.

8. Құжаттарды қабылдау кезек күту тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің интернет-ресурсында: www.mint.gov.kz орналасады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері Мемлекеттік қызмет стандартының 7-тармағында белгіленген.

11. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

12. Мемлекеттік қызметті алу үшін мемлекеттік қызметті алушы (немесе сенімхаты бар өкіл) Мемлекеттік қызмет стандартының 11-тармағында белгіленген құжаттардың тізбесін Министрлікке ұсынады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-қимыл) тәртібінің сипаттамасы

13. Құжаттарды қабылдау Министрлікте осы регламенттің 6-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша кеңсе арқылы № 2117 каб. жүргізіледі, байланыс тел. 8 (7172) 24-04-75, 24-04-76.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) қабылданған құжаттарды Министрлік кеңсесінің маманы тіркеуден өткізеді ;

2) тіркелген құжаттар Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшесін анықтаумен бұрыштама қол қою үшін вице-министрге жіберіледі;

3) вице-министрдің бұрыштамасы бар құжаттар Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшесіне жіберіледі;

4) Министрліктің жауапты құрылымдық бөлімшесінің (бұдан әрі - Департамент) директоры қабылданған құжаттарды қарастыру үшін о р ы н д а у ы н ы а н ы қ т а й д ы ;

5) о р ы н д а у ы н ы :
ұсынылған құжаттарды қарастырады;
келісу хатты немесе хабарламаны ресімдейді;

6) ресімделген келісу-хаттың немесе хабарламаның көшірмесіне Департамент директор бұрыштама қол қояды ;

7) фирмалық бланкідегі келісу-хатқа немесе хабарламаға Министрліктің вице-министрі қол қояды ;

8) келісу хат немесе хабарлама құжаттар пакетімен мемлекеттік қызметті алушыға қолына немесе почта байланысы арқылы беру (жіберу) үшін кеңсеге жіберіледі.

15. Мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінде келесі құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі - ҚФБ) іске қосылған:

- 1) Министрліктің вице-министрі
- 2) Департамент директоры
- 3) Департаменттің орындаушысы
- 4) Министрлік кеңсесінің қызметкері.

16. Әр әкімшілік іс-қимылдың (рәсімдердің) орындалу мерзімі көрсетілген әр ҚФБ-нің әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) бірізділігі мен өзара іс-әрекетінің мәтіндік сипаттамасы осы регламенттың 1-қосымшасында келтірілген.

17. Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

«Электр энергетикасы объектілерін және (немесе) оның жекелеген бөліктерін меншік нысанына қарамастан сатып алу-сату, жалға немесе сенімді басқаруға беруге келісу» мемлекеттік қызмет регламентіне
1-қосымша

1-кесте. ҚФБ іс-қимылының сипаттамасы

ҚФБ кезектілігінің сипаттамасы және әкімшілік іс-қимылдардың (рәсімдердің) өзара әрекеттесуі

іс-қимыл № (жұмыс барысы, ағыны)	1	2	3	4
ҚФБ атауы	Министрлік кеңсесінің қызметкері	Министрліктің вице-министрі	Департамент директоры	Департаменттің орындаушысы
Іс-қимыл (процесетер, рәсімдер, операциялар және олардың сипаттамасы) атауы	құжат қабылдау, тіркеу, тіркеу нөмірі көрсетілген өтініш көшірмесін беру, құжаттарды қарар салу үшін вице-министрге жіберу	жауапты құрылымдық бөлімшені анықтау	хат-хабармен танысу, қарастыру үшін орындаушыны анықтау	құжаттарды қарастыру
Аяқтау нысаны (деректер, құжат,				құжат толықтығын анықтау, белгіленген

ұйымдастырушы-әкімшілік шешім)	құжаттарды қарар салу үшін вице-министрге жіберу	қарар салу	қарар салу, орындаушыға жіберу	талаптарға сәйкестігін анықтау
Орындалу мерзімі	1 күн ішінде	1 күн ішінде	1 күн ішінде	1 күн ішінде
Келесі іс-қимыл №	2	3	4	5

кестенің жалғасы

5	6	7	8	9
Департаменттің орындаушысы	Департамент Директоры	Министрліктің вице-министрі	Департаменттің орындаушысы	Министрлік кеңсесінің қызметкері
келісу хатты немесе хабарламаны фирмалық бланкіде ресімдеу	келісу хат немесе хабарлама көшірмесі не бұрыштама қол қою	фирмалық бланкідегі келісу хатқа немесе хабарламаға қол қою	қол қойылған келісу хатты немесе хабарламаны Министрлік кеңсесіне жіберу	келісу хатты немесе хабарламаны тіркеу
келісу хатты немесе хабарламаны материалдармен Департамент директорына беру	келісу хаттың немесе хабарламаның қол қойылған көшірмесін орындаушыға беру	фирмалық бланкідегі қол қойылған келісу хатты немесе хабарламаны орындаушыға беру		келісу хатты немесе хабарламаны мемлекеттік қызметті алушыға қолма-қол немесе почта байланыс ы арқылы беру
2 жұмыс күнінен кешіктірмей	1 күн ішінде		1 күн ішінде	
6	7	8	9	

2-кесте. Пайдалану нұсқалары

Негізгі процесс — мемлекеттік қызметті көрсету туралы шешімді бекіткен жағдайда

ҚФБ Іс-қимыл №	атауы	Министрлік кеңсесі	Министрлік вице-министрі	Департамент директоры	Департаменттің орындаушысы
1		Құжаттарды қабылдау және тіркеу			
2			Құрылымдық бөлімшені анықтау		
3				Орындаушыны анықтау	
4					Ұсынылған құжаттарды қарастыру
5					Келісу хатты ресімдеу

6			Келісу хат көшірмесіне бұрыштама қол қою	
7		Фирмалық бланкідегі келісу хатқа қол қою		
8				Қол қойылған келісу хатты кеңсеге беру
9	Келісу хатты қолма-қол немесе почта байланысы арқылы беру			

3-кесте. Пайдалану нұсқалары

Балама процесс - ұсынылған құжаттарды қайтарған жағдайда

ҚФБ Іс-қимыл №	атауы	Министрлік кеңсесі	Министрлік вице-министрі	Департамент директоры	Департаменттің орындаушысы
1		Құжаттарды қабылдау және тіркеу			
2			Құрылымдық бөлімшені анықтау		
3				Орындаушыны анықтау	
4					Ұсынылған құжаттарды қарастыру
5					Хабарламаны ресімдеу
6				Хабарлама көшірмесіне қол қою	
7			Фирмалық бланкідегі хабарламаға қол қою		
8					Қол қойылған хабарламаны кеңсеге беру
9		Хабарламаны қолма-қол немесе почта байланысы арқылы беру			

«Электр энергетикасы объектілерін
және (немесе) оның жекелеген бөліктерін
меншік нысанына қарамастан сатып

алу-сату, жалға немесе сенімді
басқаруға беруге келісу» мемлекеттік
қызмет регламентіне
2-қосымша

Функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы

